

УДК 81.22

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ «ЖЫЛҚЫ»
АТАУЫНЫҢ СЕМАНТИКАСЫ**

Көшкінбай Сандуғаш Жайлаубайқызы

ais.kupayeva@yandex.kz

Әлеуметтік жұмыс мамандығының 1 курс студенті, Л.Н. Гумилев атындағы
ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі -**Купаева А.К.**

Мәдениеттердің өзара әрекеттесуі мен жаһандану тенденциялары белеңалып отырған қазіргі таңда мақал-мәтелдерді зерттеудің өзектілігі халықтардың мәдени ерекшелігін, ұлттық болмысын көрсететін тілдік құбылыстарға деген ғылыми қызығушылықтың артуына байланысты. Мақал-мәтелдердің мәдени маңыздылығы, осылайша, мәдениетаралық салыстыруға деген қызығушылықты оятады. Мақал-мәтелдер бір жағынан зерттеліп отырған халықтың мәдени және ерекше мұрасын танытатын, екінші жағынан, мазмұнында көтеріліп отырған әлеуметтік құбылыстарды толығырақ ашатын лингвистикалық заңдылықтарды зерделеуге мүмкіндік беретін беретін тілдік материал болып табылады. Бұл зерттеуде қазақ және мақал-мәтелдеріндегі «жылқы» атауының семантикасын салыстыра зерттей отырып, олардың мазмұнындағы ұқсастықтар мен ұлтқа тән мағыналық сипатын ашу арқылы, құрылымындағы ұлттық болмыс мазмұнын қалыптастыратын тетіктерін анықтау көзделеді.

Тіл-ұлттық бірегейліктің негізгі ұғымдарының бірі, өйткені ол ұлттың дүниетанымы мен ұлттық болмысын аша алады. Ұлттық мәдениеттің негізгі құндылықтарын сипаттайтын мақал-мәтелдер, қысқа мәтін аясында, бір құбылыстың мәнін басқа бір құбылыспен салыстыру арқылы түсіндіреді.

Мақал-мәтелдер - бұл адамдардың ақыл-ойына немесе практикалық тәжірибесіне негізделген, жалпыға белгілі шындықты білдіретін нақты тұжырым. Атақты лингвист У. Мидер өз еңбектерінің бірінде мақалға былай деп анықтама береді: «Мақал - бұл даналықты, шындықты, мораль мен дәстүрлі көзқарастарды метафоралық, тұрақты, әрі есте тез сақталып қалатын түрде қамтитын және ұрпақтан-ұрпаққа берілетін қысқа, көпшілікке белгілі халық сөзі» [1,3]. Анықтамадан мақал-мәтелдердің метафораға негізделген және бейнелі мағынаға ие екендігін көреміз.

Сонымен қатар, мақал-мәтелдер белгілі бір халықтың ұзақ уақыт бойы жинақтаған тәжірибесінің нәтижесінде қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отыратын даналық сөздері. Яғни, мақал-мәтелдер өздерінің мағынасы мен тілдік формасын сақтай отырып, алдыңғы буын өкілдері жинаған білім мен тәжірибені мүмкіндігінше толық жеткізеді. Тілде мәдени-ұлттық стандарттармен, стереотиптермен, мифологемалармен және т. б. байланысты бейнелі өрнектер бекітіліп, фразеологизмдер жасалады және олар сөйлеу кезінде белгілі бір лингвомәдени қауымдастыққа тән менталитетті жаңғыртатыны белгілі. Сондықтан да, белгілі бір этностық топтың дүниетанымын, ұлттық болмысын анықтауда таптырмас тілдік дерек болып табылады. Қазақ мақал-мәтелдерінің зерттелу тарихына қысқаша тоқталатын болсақ, ең алғашқы зертеулер түркі филологиясының көрнекті тұлғасы М. Қашқаридың еңбектерінен бастау алады. Халық аузында ауызша таралған мақал-мәтелдерді жинақтап, қағаз бетіне түсірген ғалым Шоқан Уәлиханов. Шоқан Уәлихановтың «Таңдамалы шығармалар» [2] еңбегіндегі біршама мақал-мәтелдер әлі күнге дейін өз құндылығын жойған жоқ.

Осы орайда қазақ мақал-мәтелдерінің зерттелуіне өзіндік үлес қосқан Ш.Ибрагимов, М.Терентьев, Ы.Алтынсарин, Я.Лютшь, Ф.Плотников, И.Гродеков, А.Васильев, П.М.Мелиоранский, Ә.Ә.Диваев, Н.Ф.Катанов, Н.Н.Пантусов, В.В.Катаринский, І.Кеңесбаев, Ә.Т. Қайдар, Б. Манасбаев, Ө.Тұрманжанов т.б. ғалымдардың еңбектерін атап өткен жөн.

А.Байтұрсынұлы: «Мақал да тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызы шын келеді. Мәтел дегеніміз кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады. Мәтел ақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады» [3,112 б.],— деп көрсеткен болатын.

Ал, ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдердің зерттелу тарихы Н.Барли, А. Дундэс, А.Крикман, М. Куузи, Г.Мильнер, А. Тэйлер, Г.Л. Апперсон, Линда және Роджер Флавэлдер т.б. ғалымдардың есімімен байланысты болып келеді.

Зерттеуімізде қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдердегі «жылқы» атауының семантикалық ерекшеліктерін фразеологиялық мағынаны, бейнелі құралдарды, лексикалық компоненттерді, сондай-ақ эмоционалды-баянған лексикалық құралдарды талдау арқылы мақал-мәтелдердің ұлттық-мәдени ерекшелігін, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ашып көрсетеміз.

Зерттеудің мақсат-міндеттеріне сәйкес салыстырмалы фразеология әдісін, сипаттамалық әдісті, сонымен қатар семантикалық талдау әдісін қолдандық. Зерттеу нысаны «жылқы» атауына қатысты қазақ және ағылшын мақал-мәтелдері болды. Эмпирикалық материалдың көзі қазақ және ағылшын мақал-мәтелдерінің сөздіктері болды, таңдау үздіксіз іріктеу әдісімен жүргізілді.

Шын мәнінде, халық тарихы, оның әлеуметтік тіршілігі, ақыл-өнегесі, даналығы көрініс тапқан, ой дәлдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленетін мақал-мәтелдері адам өмірінің барлық дерлік аспектілерін қамтиды. Мысалы, Е. Гордон зертеуінде ежелгі

шумер мақал-мәтелдерінің мынадай тақырыптық макро топтарын көрсетеді: қоршаған орта, экономикалық өмір, әлеуметтік статус және әлеуметтік институттар, дін және наным-сенім, білім және өнер, жеке тұлға және ең соңғысы абстарақт ұғымдар. Соның ішіндегі қомақты бір бөлігі «тұрмыс-тіршілік» макро тобында ауылшаруашылығы, мал шаруашылығы, қол өнері, аң аулау сияқты микро тақырыптық топтарға бөледі [4, 285].

Ежелгі дәуірлердің өзінде жануралар бейнесінадамдарды сипаттауда жиі қолданған. Мәселен, жанауар атаулары адам бейнесін беруде метафоралы мағынада қолданылды: түлкі кішкентай және мақтаншақ адамды бейнелейді, ал ит алғашқы мақал-мәтелдерді зұлым, ашкөз және өзімшіл тіршілік иесі ретінде қабылданған[4]. Мақал-мәтелдерде жанауар атауларының жиі қолданылуы, халықтың өмірлік тәжірибе арқылы жинақтаған білімінің негізінде, жанауар мен адамның тұжырымдамалық сәйкестігін жеткізуде, жануарлар атауларының семантикалық өрісінің нәтижелі болатынын көрсетеді.

Екі тілде кездесетін мақал-мәтелдерге ұйтқы болатын жануарлар атауы екі ұлттың ділімен, кәсібімен тығыз байланыста болғандықтан ұлттық ерекшеліктер анық көрініс береді. Атап айтсақ, қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер үй жануарларынан: қой, ешкі, жылқы, сиыр, түйе, ит, мысық; жабайы жануарлардан: қасқыр, қоян, түлкі, жылан ұйтқы болса, ал ағылшын тілінде үй жануарларынан: тауық, қораз, қаз, шошқа, есек, жылқы; ал жабайы жануарлардан: арыстан, қасқыр, маймыл, балық компоненттері жиі қолданылады.

Мақал-мәтелдер әрқашан әлеуметтік, мәдени, тарихи және саяси құндылықтардың нәтижесі болып табылады. Әмбебап ерекшеліктерге қарамастан, бір мәдениетті екіншісінен ерекшелейтін белгілері бар [5, 144]. Әр түрлі халықтардың мақал-мәтелдеріндегі жануарлар атаулары қандай да бір символдық мәнге ие. Қазақ және ағылшын мақалдарындағы жануар атауларының мәдени интерпретациясында айырмашылықтар бар. Мысалы, *ит* қазақ тілінді метафоралы мағынада қолданылғанда жаман, оңбаған мағынасын білдірсе [6, 120], ал, ағылшын тілінде дәл осы *ит* атауы адалдықты білдіреді. Сонымен бірге қазақ халқының шаруашылық өмірінде ерекше мәнге ие *қой* атауы мақал мәтелдерде «момын, жуас», «молшылық» мағыналарында қолданылса «*Қой аузынан шөп алмас*», «*Мал өсірсең қой өсір, өнімі оның көл-көсір*», ағылшын мақалдарында «кемшілік» негатив мағынасында қолданылуы байқалады «*Every family has a black sheep*».

Қазақ халқының көшпелі тұрмысында ерекше бағаланатын төрт түліктің бірі жылқы малы. Халық арасында жиі айтылатын «*Жылқы – ер қанаты*», «*Жылқы мінсең көлік, жесең ас*» мақал-мәтелдер ойымызды нақтылай түседі. Тарихи деректерге сүйенсек жылқыны алғаш болып, б.з.д. 5000 ж. қолға үйретіп пайдаланған осы Азияның көшпелі халықтары екен. Жылқы өте ақылды жануар. Олар адам дауысына қарап, көңіл-күйін біле алады. Сонымен бірге, жылқының жады керемет дамыған. Олар өзіне қатыгездікпен қараған адамды өмір бойы есте сақтай алады, достарын да ұмытпайды. Көне түркі жазба секерткіштерінде, қазақ лиро-эпостық жырларында, батырлар дастандарындағы жылқы малы бас кейіпкерлердің сенімді серігі, әрі қасиетті жануар ретінде сипатталады. Қазақ халқының мақалдарындағы жылқы атауының символикалық қолданылымы жануардың осындай қасиеттеріне негізделген болса керек

Қазақ және ағылшын мақал-мәтелдеріндегі «жылқы» атауының қолданылымының статистикалық көрсеткіштеріне тоқталар болсақ ағылшын тілінде 25 (16,1)[7, 38], қазақ тілінде 174 (22,9) [8] мақал-мәтел бар екен. Қазақ мақал-мәтелдерінде басқа жанауарлар атауларымен салыстырғанда «жылқы» атауы өте жиі кездеседі.

Тілдегі мақал-мәтелдер ұлт өмірімен тығыз байланысты болғандықтан олардың басым көпшілігінің мазмұнында ұлттық мәдени код сақталады. Ұлттың тілдік ғалам бейнесін қалыптастыруда мақал-мәтелдердің рөлі ерекше. Бүгінгі зерттеу нысанына алынып отырған тіл халықтарының таным, тұрмыс-тіршілігі, ділі, мәдениеті, өмір сүрі

салты бір-біріне ұқсамайтынына қарамастан мағыналас мақал-мәтелдер кездеседі. Мысалы, «Қазанат ат қамшы салдырмайды» (сөзбе-сөз аудармасы: тілалғыш жылқыға қамшы керек емес); Ағылшын тіліндегі баламасы «Do not spur a willing horse» (сөзбе-сөз аудармасы: жуас атқа қамшы керек емес). «Сыйға тартқан аттың тісіне қарамайды». Ағылшын тілінде «Don't look a gift horse in the mouth» (сөзбе сөз аудармасы: сыйға тартқан аттың аузына қарамайды). Жалпы жылқы малының жасын тісіне қарап анықтайтынын ескерсек, бұл мақал осыған негізделген болса керек.

Ағылшын тіліндегі «He that has a white horse and a fair wife never wants trouble» мақала «Астыңдағы атыңа сенбе, қойныңдағы қатыныңа сенбе» мақалына сәйкесіп тұр. Жоғарыда қазақ және ағылшын тілдеріндегі сәйкестіктерді анықтасақ, енді келесі мақалда қарама-қайшылықты байқауға болады: ағылшын тіліндегі «It is a good horse that never stumbles» (мағынасы жақсы ат ешқашан сүрінбейді), қазақ тіліндегі шамалас баламасы «Жақсы ат алдынан сүрінбейді, артынан сүрінеді». Бұл жердегі айырмашылық қазақ мақалында «жақсы ат та сүрінеді». «Тұлпар – құлыннан, батыр-баладан» мақалында тұлпарды құлын кезінен тануға болады деген мағынаны астарлап жеткізіп тұр. Ағылшын тілінде баламасы «A ragged colt may make a good horse» (сөзбе-сөз аудармасы: жарақат алған құлыннан жақсы ат шығуы мүмкін). Ағылшын тіліндегі мақалада қарама-қайшы мағынада жақсы атты сыртына қарап тану мүмкін еместігі айтылып тұр. Негізінен мақалдардағы «жылқы» атауының семантикасы осы жануардың қасиеттеріне негізделеді. Мәселен, жылқы малының ақылдылығы ол егесінің көңіл-күйін біліп тұрады.

Екі тілде кездесетін кейбір мақалдардағы жылқы атауының семантикасына сипаттап, жалпы жылқы атауының семантикалық өрісін, символикалық мәніне тоқталсақ. «Жақсы айғыр үйірін бөріге алдырмас, батыр жігіт ауылын ұрыға алдырмас» мағынасы үйір ұстаған мықты айғырлар үйірінен жыртқыш аңдардан қорғайды. Бұл мақалда «жылқы» атауы «батыр» мағынасында қолданылып тұр. Келесі «Жақсы би жақынына тартпайды, жақсы айғыр жатырына шаппайды» мақалында, жылқы малының қасиеттерінің бірі, өзін туған биеге шаппайтыны туралы айтылып, «текті, қасиетті» мағынасын жеткізіп тұр. Ал, «жылқы» атауының «серік» мағыналары «Жақсы ат-ер қанаты» мақалында көрініс береді. «Ат айналып қазығын табады, ер айналып елін табады» мақалында «жылқы» малының «адалдық» қасиетін сипаттайды. Сонымен бірге, «Атың барда жер таны желіп жүріп, асың барда ел таны беріп жүріп» мақалында жылқы атауы «көлік» мағынасында қолданылып отыр.

Ағылшын тіліндегі «Don't change horses in the middle of the stream» (сөзбе сөз аудармасы: ағынның ортасында жылқыларды ауыстырмаңыз). Мағынасы: Көшбасшыны немесе негізгі ұстанымыңызды қандай да бір істің ортасында өзгертпеңіз. Бұл жерде «жылқы» атауы «көшбасшы» мағынасында қолданылып тұр. «It is too late to shut the stable-door when the horse is stolen» (сөзбе сөз аудармасы: Атың ұрланып кеткесін қораның есігін жапқаннан пайда жоқ). Мағынасы: болары болып, бояуы сіңген істі түзетуге тырыспа. Мақалда «байлық немесе бағалы зат» мағынасында жұмсалып тұр.

«A running horse needs no spur». Аудармасы: шауып бара жатқан атқа қамшы ұрудың қажеті жоқ. Мағынасы: өз жүйесімен жүріп жатқан істі асықтырып, араласудың қажеті жоқ. «You may know the horse by his harness». Аудармасы: атты әбзелінен тануға болады. Мағынасы: аттың қандай адамға тиесілі екенін әбзелінен тануға болады.

Ойымызды қорытындылай келе, мақал-мәтелдерден біз белгілі бір этнос болмысын, оның рухани-заттық мәдениетін, дүниетанымын, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенімін, т.б. туралы жан-жақты мағлұмат табамыз. Туыс емес тілдердегі мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипатын анықтау арқылы, сол халықтың ұлттық болмысын, тілдік ғалам бейнесін қалыптастырамыз. Қазақ халқы жылқы малының қасиетін ерте заманнан түсініп, қастерлей білген. Екі тілдегі «жылқы» атауының лексика-семантикалық өрісін айқындап, мақал-мәтелдердегі осы атаудың символикалық

мәнін ашу арқылы қазақ мақалдарындағы «жылқы» атауының семантикалық концептуалдық өрісі *ақылды, қасиетті, серік, жүйрік, таза, асыл тұқымды, текті, көлік* ұғымдарын қамтидындығы анықталды. Екі елдің мақал-мәтелдерін салыстыра отырып, қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерде «жылқы» атауы символикалық мәнге ие, ал ағылшын тілінде бастапқы семантикасында қолданылатындығына көз жеткіздік. Қазақ тіліндегі «жылқы» атауы тектіліктің, тазалықтың символы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Mieder W. Proverbs: A handbook. Westport, CT: Greenwood Press, 2004.
2. Gordon, Edmund I., Sumerian Proverbs: glimpses of everyday life in ancient Mesopotamia, Greenwood Press Publishers, New York, 1968. – 345 p.
3. Уәлиханов ЛУ.ЛУ. Таңдамалы шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы, 1980.- 416 б.
4. Байтұрсынов А. Әдебиеттанушы. - Алматы: Атамұра, 2003. - 208 б.
5. Mieder W. Proverbs are never out of season. Popular wisdom in the modern age. New York: Oxford university press, 1993.
6. Оразов М.Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан,1991. – 215 б.
7. DMITRI A. BORGMANN, Dayton Washington. HORSE PROVERBS // The Journal of Recreational Linguistics. – №25. - 1985. – pp. 38-39